

## 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін анықтау туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 9 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 ақпанда № 4429 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі анықталсын.

2. "Денисов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары А.А. Т а ш п а н о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Д е н и с о в а у д а н ы

әкімінің міндетін атқарушы

Т. Рамазанов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 1

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 9 қаулысына қосымша

## 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Үш және одан көп ай жұмыс істемеген жұмыссыз тұлғалар.
2. Бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (жұмыс өтілі жоқ).
3. Қырық бес жастан асқан тұлғалар.
4. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.